

## **«№30 қазақ орта мектебі» КММ –нің тәрбие жұмысының 8 бағыты бойынша талдауы**

«№30 қазақ орта мектебі» КММ –де тәрбие жұмысы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы негізінде ұйымдастырылды.

**Мақсаты:** Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде жан-жақты және үйлесімді дамыған тұлға тәрбиелеу. Мектептегі тәрбие жұмысы тұжырымдамаға сәйкес 8 бағыт бойынша ұйымдастырылады:

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
- Ұлттық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Көпмәдениет және көркем-эстетикалық тәрбие

**Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша** «Тәуелсіздік жетістіктері» білім сабақтары, «Кел, балалар, оқылық!» алғашқы қоңырау салтанатты жиыны, «Біз рәміздерді құрметтейміз!» апталығы, «Бала құқығы-адам құқығы» айлық акциясы, «Менің Отаным- Қазақстан!» сурет көрмесі, «Тұңғыш Президент» күніне арналған класс сағаттары, Елдіктің жеті тұғыры», «Тәуелсіздіктің 7 қыры: парасатты шешім» бейнефильмдер тамашалаулар, «16-желтоқсан Тәуелсіздікке- 30 жыл», «Елбасы.Тәуелсіздік.жарқын болашақ», «Тәуелсіздік- мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында іс –шаралар ұйымдастырылды. 7,9 мамыр мерекелеріне арналған Тілеу батыр ескерткішіне «Батырға тағзым» шарасына мектеп оқушылары қатысты. «Мен елімнің патриотымын!» тақырыбында өткізілген кездесуге Ұлы Отан соғысының тыл ардагері Шорин Шылбатыр қатысты. Қыркүйек айында ҚР Президентінің «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» тақырыбындағы Жолдау талқыланды. 1- желтоқсан Тұңғыш Президент күніне және 16- желтоқсан Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне 30 жыл толуына орай «Менің елім!» мектепшілік жоба аясында «ЕЛБАСЫ.ТӘУЕЛСІЗДІК.ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» атты салтанатты шара ұйымдастырылып, шараға Ақтөбе облысының ішкі саясат басқармасының өкілі Кемешов Мәди Жайлыбайұлы, «Ақтөбе» газетінің тілшісі Данагүл Қазихан, облыстық Әлия Молдағұлова атындағы мемориалдық мұражайының қызметкерлері қатысып, С.Бәйішев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы «Елбасы жолы- тәуелсіздік жетістіктері» тақырыбында жылжымалы көрме ұйымдастырды. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігіне 30 жылдық мерекесіне арналаған «Тәуелсіздік- Мәңгілік елдің тұғыры» тақырыбында мерекелік шара ұйымдастырылды. Шараға қалалық білім бөлімінің басшысы Қосымбаева Меткүл Ораққызы, қалалық ғылыми- әдістемелік орталығының әдіскері Айтбағанбетов айбек Сағынбайұлы қатысты. Сонымен қатар, «Жас ұлан» қатарына оқушыларды қабылдау салтанаты өткізілді. «Балалар аңсаған Тәуелсіздік – балалар көзімен» тақырыбында онлайн көрме ұйымдастырылды. Кеңес әскерлерінің Ауған жерінен шығарылғанына 33 жыл толуына орай «Ауғанның от жалыны» атты Ауған соғысының ардагерлерімен кездесу кеші ұйымдастырылып, ауған соғысының ардагері Айтпай Нұрлан Құсайынұлы, ардагер- иньтернационалист Нұрмағамбетов Бауыржан Ізбасқанұлы, Ақтөбе қаласы Астана және Алматы аудандарының қорғаныс істері жөніндегі біріккен басқармасының тәрбие, идеологиялық, әскери-патриоттық жұмыстар

атқару бөлім бастығы майор –Кутанов Ізбасқан Шабанұлы қатысты. Сонымен қатар, мектебіміздің Қасым Қайсенов атындағы «Қаһарман» әскери-патриоттық клубының мүшелері «Мен және менің полицейім!» акциясына белсенді қатысты.

ҚР 30 жылдығына орай ұйымдастырылған «Гүлдене бер, Қазақстан!» қалалық олимпиадасына қатысып І орын иеленді. «Жаңа қазақстан –жарқын болашақ» облыстық сурет байқауында қатысып, дипломмен марапатталды.

Құқықтық тәрбие бойынша мектеп инспекторымен бірлескен іс-шаралар ұйымдастырылды. Мектеп өзін өзі басқару ұйымының құқық фракциясы мектеп оқушыларымен мектеп инспекторының кездесулерін ұйымдастырды. Жыл бойына ескерту жасалған оқушылар болған жоқ. Дегенмен «Тәуекел» тобында тұрған оқушылар бақыланып, мектеп психологтары тарапынан қадағалау жұмыстары жүргізілді. «Жасөспірім», «Балалар түнгі қалада», «Каникулы» жедел іс-шаралар жұмыстары жүргізілді. Мектептің ер мұғалімдер тарапынан құрылған тәртіп сақшылар тобы рейдтерге шықты. «Жасөспірім және қылмыс», «Жасөспірімдер заң туралы не біледі?» тақырыптарында заңгер Аймағамбетова Айнұр Құранияқызымен кездесулер ұйымдастырылды. «Интернет тәуелділіктің алдын алу- басты мақсат», «Құқықбұзушылықтың алдын алу- міндет» тақырыптарында мектеп инспекторы А.Қонысовамен кездесулер ұйымдастырылды. «Құқықбұзушылыққа жол жоқ!» тақырыптарында бірыңғай класс сағаттары, «Тәртіптің тамаша мектебі – отбасы» тақырыбында ата-аналар жиналыстары өткізілді.





**Рухани –танымдық адамгершілік тәрбие бағыты бойынша жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар жүргізілді.** Атап айтсақ, қарттар күніне арналған іс-шаралар, «Адал-сатылмайтын еңбек» класс сағаттары, «Толеранттылық- әлемге апарар жол» тақырыптарында 1-11 кластар арасында класс сағаттары өткізілді. «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ!» акциялары жыл бойы мектептің өзін өзі басқару ұйымы және «Жас ұлан» ұйымы, «Адал ұрпақ» клубтары тарапынан ұйымдастырылып, өткізілді. Сонымен қатар, мектебіміздің Байгелдиндер отбасы ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Ақтөбе облысы бойынша департаментінің және Ақтөбе облысының білім басқармасының басшысы атынан «Дарынды отбасы» номинациясын иеленді.

«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында ұйымдастырылған іс-шаралар бойынша жыл бойы «Букроссинг», «Мектепке кітап сыйла!», «Менің оқыған кітабым!», «Ертегілер желісімен!», «Кітап fest» акциялары ұйымдастырылып, барлық кластар, ата-аналар, мектеп түлектері белсене қатыса білді.

Діни экстремизм мен терроризмнің алдын алу жұмысы бойынша мектебімізде 9-11 класс оқушылары «Аңсар» ақпараттық талдау орталығының теолог мамандарымен кездесті.

Рухани- танымдық адамгершілік бағыты бойынша қамқоршылық, қайырымдылық жұмыстарына мектепшілік «Жан жылуы» еріктілер клубының мүшелері белсенді қатысып, қайырымдылық шараларын өткізіп, мектебіміздің 25 отбасына азық-түліктер апарып, көмек көрсетті. Сонымен қатар, облыстық «Біз біргеміз!» волонтерлар сайысына қатысып, I орын иелендік. Сонымен қатар, «Жан жылуы» еріктілер клубының мүшелері алғыс хаттармен марапатталды.



**Отбасы тәрбиесі бағыты бойынша** жылдық жоспарға сәйкес Отбасы күні, «Отбасы – өмір аясы», «Менің әкемнің мамандығы», «Менің отбасым» челленждері, «Менің отбасымның жәдігерлері» атты танымдық шаралар, «15-мамыр –Отбасы күні» бірыңғай класс сағаттары өткізілді. Мектепішілік аналар, әкелер клубтарының жұмыстары жүргізілді. «Өнерлі әке» қалалық әкелер байқауының мектепішілік кезеңіне 27 әке өтініш білдіріп, әке тәрбиесінің рөлі тақырыбында бейне роликтер түсіріп, мектеп инстаграмм парақшасына жарияланды. Жыл бойы «Әке –асқар тау» , «Әке тәрбиесінің рөлі», «Менің әкем» тақырыптарында мектеп әкелер клубының мүшелерінің қатысуымен әкелер конференциялары өткізілді. Аналар клубы қалалық, облыстық әжелер ансамбльдеріне қолдау көрсетіп, концерттеріне қатысты. Мектепішілік әжелер клубымен бірлесіп, қалалық әжелер слетында көрме ұйымдастырды. Сонымен қатар, мектепішілік «Инабат» қыздар клубының мүшелеріне қазақша бұйымдар мен көрпешелер жасаудан шебер класс ұйымдастырды. Мектепішілік наурыз мерекелерінде «Ұлттық тағамдар», «Бауырсақтың жасалу жолдары», «Анаммен бірге тағам жасаймын!» «Атамның батасы», «Әжемнің батасы», «Әкемен бірге өткізген күн!» тақырыптарында челленждерге белсенді қатысты.

Сонымен қатар, ата-аналар жиналыстары онлайн,офлайн форматта өткізіліп, балалардың өмір қауіпсіздіктері, оларға үнемі қолдау көрсету тақырыптарында кеңестер берілді.



**Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бағыты бойынша** жұмыстар жылдық жоспарға сәйкес жүргізілді. Экологиялық жоба аясында «Кабинетінді гүлдендір!» челленджі, «Тәуелсіздіктің 30 жылдығына 30 гүл» челленджі, «Жер Ананы жасыл етіп сақтайық!» акциялары ұйымдастырылып, жыл бойы жүргізілді. Сонымен қатар, «Экоәлем» үйірмесі өте қарқынды жұмыс жасады. Жетекшісі- Ермұхамбетова Қ.Р. «Тәуелсіздіктің 30 жылдығы- 30игі іс» жобасы аясында мектеп ауласына үйірме мүшелері гүл шоқтарын отырғызды. Кабинеттерді гүлдендіруге үлес қосты. Мектепшілік «Менің елім» жобасы аясында республикалық эко жобаны қолдау мақсатында «Табиғатты қорғау парызың!» тақырыбында қойылым ұйымдастырылды. «Экоәлем» үйірмесінің мүшелері экокостарды толтырып, «Қағаз қалдықтарына екінші өмір сыйла!» акциясына белсенді қатысты. 9-11 кластар арасында кәсіби –бағдар беру жұмыстары жүргізілді. 9а, 9ә,9б,9в, 10а,10ә,11а,11ә кластары онлайн, офлайн форматта өткізілген кәсіби- бағдар беру шараларына белсене қатысты.



**Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша** жоспарланған іс-шаралардың барлығы өткізіліп, білім алушылар нәтижелер көрсете білді. Мектепшілік тоғызқұмалақ үйірмесі, футбол, волейбол, баскетбол секциялары қарқынды жұмыс жасады. Республикалық тоғызқұмалақтан ұлттық лигасына қатысып, 7-8 класс оқушылары арасында командалық I орын иеленіп, облысымыздың абыройын асқақтатты. Қалалық мектеп оқушылары арасында 5-6 класс «Мектеп лигасы» бағдарламасы бойынша тоғызқұмалақтан қала біріншілігі командалық есепте 3 орын. 11 «А» класс оқушысы Жанбау Диас ҚР спорт шебері атанды. Футбол командасы «Былғары доп-2021» қала біріншілігінде II орын иеленді. Футболдан 7-8 кластар арасындағы қалалық «Ұлттық мектеп лигасы» жарысы II орын. Облыстық «Ұлттық мектеп лигасы» жарысының 3 орын, қалалық мектеп оқушылары арасында 5-6 кластар «Мектеп лигасы» бағдарламасы бойынша Бес асықтан қала біріншілігі 1 орын. Жеңіл атлетикадан қалалық мектеп оқушылары арасындағы спартакиада жарысының 2-орын иеленді.

Салауатты өмір салтын сақтауда «Инабат» қыздар клубының мүшелері және «Наркобекет» тобының мүшелері арасында медицина қызметкерлерімен кездесулер, тренингтер ұйымдастырылды. Атап айтсақ, №1 ҚЕ СӨС маманы Л.Х.Жантөрина, А.Е.Давнаева, ЖИТС орталығының педагогы М.К.Матаева №1 ҚЕ

дәрігері Б.Е.Жетпісова 7-8 класс, 9-11 класс қыз балалары арасында дәрістер оқып, кездесті.



**Ұлттық тәрбие бағыты бойынша** жоспарға сәйкес іс-шаралар ұйымдастырылып, өткізілді. Мектепшілік «Фибрат» әжелер мен аталар клубының отырысы және қалалық деңгейде «Ата мен әже тәрбиесі- жас ұрпақтың кемел келешегі» тақырыбында слет өткізілді. Ата-әжелер слетыне Ақтөбе облысы Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы аналар кеңесінің төрайымы Ж.Ш.Калиева, №13 орта мектебінің «Тұмар» ата-әжелер клубының мүшесі А.Әбдіғани, Т.Төлегенова, №30 мектебінің «Фибрат» ата-әжелер клубының мүшелері және З.А.Баубекова, қалалық «асыл әжелер» ансамблінің мүшесі Г.Шалабаева қатысып, «Бесік жырының маңызы», «Ата тәрбиесі- тәрбиенің негізгі дінгегі», «Ертегілер бала тәрбиесінің айнасы» тақырыптарында ой бөлісті, ал №47 ЖББОМ, №24ЛМГ, №74ЖББОМ әжелер клубының мүшелері және №30 ОМ аналар клубының мүшесі, облыстық «Анаға тағзым үйі жанындағы «Аналар аманаты» тобының мүшесі Г.Б.Абитова өз қолөнерімен көрмелерін ұсынды. Шежіре күні «Наурыз бата» шарасына 1-4 кластар, «Ұлттық тәрбие- отбасы тәрбиесінің дінгегі» тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізілді. Наурыз мерекесіне орай класс сағаттары өткізілді.



**Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бағыты бойынша** оқушылардың білім олимпиадалары мен түрлі онлайн байқау,сайыстарға қатысымы қамтамасыз етілді. «Жас дарын» орталығы жанынан құрылған «Парасат» дебат клубы өз жұмыстарын тиімді ұйымдастырып, қалалық турнирлерге қатысып, алғыс хаттарға ие болды. Жетекшісі Ербалюкова Б.К.Сонымен қатар, Ұшқыр ой алаңы жобасы аясында мектепшілік турнирлер өткізілді. Жетекшісі А.Джугунусова. Ақпараттық мәдениет бағыты бойынша мектеп инстаграмм желісі, мектеп сайты, мектеп фейсбук желілері ұйымдастырылды. Әр кластың инстаграмм парақшалары жүргізілді. Жасалған іс-шаралар уақытында инстаграмм парақшаларына жарияланып отырылды.



**Көпмәдениет және көркем-эстетикалық тәрбие бағыты бойынша** мерекелік даталарды атап өту жұмыстары жүргізілді. Мектепте «Қолөнер», «Арт дизайн», «Вокал» үйірмелері жүргізілді. Оқушылар әртүрлі байқауларға, сайыстарға қатыстырылды. Қалалық «Табиғат айнасы» сайысының I орын, Халықаралық «Жұлдызды сәт байқауының 1 орын, қалалық ән байқауы 1 орын, Республикалық «Өнерге қанат қаққандар» ән байқауы, облыстық «Таза болса табиғат, аман болар адамзат» сайысы 1 орын, Республикалық «Үміт-2021» ән байқауы 1 орын, «Жаңа Қазақстан Жарқын болашақ» атты облыстық балалар сурет байқауы - Туған өлкемнің табиғаты номинациясы, қалалық

«Мұқағали сырлары әлемі» байқауы 2-орын, Республикалық «Ата кәсібі-бала нәсібі» шығармашылық байқауының 1-орын.



### Құқық бұзушылықтың алдын алу кеңесінің жұмысы


Бекітілген кеңес мүшелері әр айдың төртінші жұмасында немесе жоспардан тыс уақытта тәртіп бұзған, сабақтан көп қалатын, сабаққа кешігетін, тәртібі мен үлгерімі бойынша оқушыларды және олардың ата-аналарын кеңеске шақырады, кеңеске арнайы шақыру хат арқылы шақырылады.

2021–2022 оқу жылында мектеп бойынша тоғыз рет кезекті «Құқық бұзушылықтың алдын алу отырысы» және бір рет кезектен тыс отырысы өтті.

#### «Қиын» балалармен жұмыс.

2021-2022 о.ж. мектепшілік бақылауда оқушылар болған жоқ.

### Қалалық ІІБ бақылауда тұрған оқушылар



### Құқық бұзушылыққа бейім және девианттық мінез-құлқы бойынша "Тәуекел тобы" есебіне алынған оқушылар тізімі

№	Оқушының аты-жөні	Туған жылы	Класы	Мектебі	Жасалынып жатқан жеке жұмыс	Есепке алу негізі	Мекен-жайы	Үйірмеге тартылуы (қайда, үйірме аты)	Жазғы демалыс кезеңінде балалардың бос уақытын ұйымдастыру	Отбасының әлеуметтік жағдайы	Бекітілген тәлімгердің аты-жөні	Қызметі
№30 мектеп												



1	Аманғали Ержан	28.06.2007	8в	№ 30 ОМ	Түсіндіру жұмысы, профилактикалық жұмыстар, тренингтер, жеке бақылануы.	Тәртібі бойынша хаттама №5 20.01.2018ж	Қалдаяқов көшесі 5а/40	волейбол 19.00-19.45	Қала сыртындағы демалыс лагері "Энергетик"	Анасы-Кулгашева Алия Тукпатқызы жалғызбасты ана	Сәндібек Нұрбек	Дене шынықтыру пәні мұғалімі
2	Кононов Юрий	08.04.2009	6а	№ 30 ОМ	Түсіндіру жұмысы, профилактикалық жұмыстар, тренингтер, жеке бақылануы.	Тәртібі бойынша хаттама №4 23.11.2019ж	Есет батыр көшесі 91/30	Волейбол 11.00-12.30	Ауылда әжесінің үйінде	А.С.Кунабаева - сатушы Әкесі қайтыс болған	Қуанышбай Нұрсұлтан	Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі
3	Әлімбаев Нұрболат Жақсыбекұлы	07.06.2006 ж	8в	№ 30 ОМ	Түсіндіру жұмысы, профилактикалық жұмыстар, тренингтер, жеке бақылануы.	Тәртібі бойынша хаттама №3 26.03.2021ж	Тургенева 74а/50	футбол 13.00-14.30	Қалада демалады.	Әкесі - Әлімбаев Жақсыбек тоо ДСК күзетші Анасы-Ермекбаева Бахытгүл №30 ОМ УСП	Ораз Бердіғали	Мектепшілік тоғызқұм алақ үйірмесінің мүшесі
4	Макади Амина	21.11.2007 ж	8б	№ 30 ОМ	Түсіндіру жұмысы, профилактикалық жұмыстар, тренингтер, жеке бақылануы.	Денсаулығы және тәртібі бойынша №5	есет батыр 120-18	волейбол 10.00-12.00	мектеп тарапынан жіберілетін лагерь	Анасы-Тулегенова Бульмай жұмыссыз жалғызбасты ана	Бақытжанова Сағыныш	Ағылшын тілі пәні мұғалімі

### «Тәртіп сақшылары» тобының жұмысы.

Мектебіміздің «Тәртіп сақшылары» тобында 9 ұстаз және 12 оқушы жұмыс жасайды.

#### **«Тәртіп сақшылары» тобының мақсаты:**

- Мектепшілік тәртіп бұзушыларды, сабаққа қатыспайтын оқушыларды бақылау, олармен жұмыс жүргізу.
- Мектеп ережесін бұзатын оқушылармен жұмыс жүргізу.
- «Қиын» оқушылармен, «қиын» жанұямен жұмыс жүргізу.

Әр айдың 3 – 4 аптасында жұма, сенбі күндері рейдтерге шығып тұрды.

Мектебіміз орналасқан мөлтек ауданымыздағы кафе–барлар, компьютерлік клубтар, базарлар, сауда үйлеріне рейдтер жасалды.Қалалық зауыт полиция бөлімшесі қызметкерлерімен біріккен «Жасөспірім», «Балалар түнгі қалада», «Жазғы демалыс» операцияларына қатысты.

**Кемшіліктер:** Ата–аналар тарапынан балаларын қадағалаудың нашарлығы. Балаларының «Күн тәртібін» дұрыс қойылмауы, қадағалаудың аздығы, бос уақыттың көптігі.

#### **Құқықтық-лекторлық топ**

2021-2022 оқу жылына арналған мектепшілік құқықтық- лекторлық топтың жоспары құрылып, құқықтық –лекторлық топ мүшелері тағайындалды.

Құқықтық-лекторлық топтың құрамына 5- мұғалім, мектеп жантанушысы,5- оқушы кіреді. Жыл бойы құқықтық-леторлық топ мүшелері әртүрлі іс-шаралар ұйымдастырды.

- Мектеп ЖӨИ-мен кездесулер –онлайн кездесулер
- «Ұсақ құқық бұзушылыққа мүлдем төзбеушілік» акциясы онлайн – кездесулер

- Құқық білім апталығын ұйымдастыру
- «Адам құқығы- бала құқығы!» айлығы қараша
- Облыстық наркологиялық мамандармен кездесулер- қараша, желтоқсан
- «Мектеп ережесін сақтайық!» акциясы -қыркүйек
- «Заң және жасөспірім» -пікірталас- наурыз
- «Адам және заң» дөңгелек үстел- сәуір

Мектепте өткізілген барлық іс-шаралар мәнді, қажетті және педагогикалық жағынан мақсатты. Дәстүрлі іс-шаралардың өту барысы үнемі жаңғыртып отырылады. 2021-2022 оқу жылында барлық мерекелік- тәрбиелік шаралар онлайн және офлайн форматта өткізілді.

**Қыркүйек:**

«Тәуелсіздік жетістіктері» алғашқы қоңырау салтанатты жиыны.  
«Денсаулық фестивалі-2021»

**Қазан:**

«Алтын күз» онлайн мерекесі  
«Қарттарды құттықтау акциясы»

**Қараша:**

«Адам құқығы- бала құқығы» айлық

**Желтоқсан:**

«Менің елім» жобасы аясындағы іс-шаралар  
«Тәуелсіздікке -30 жыл!» Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған іс-шаралар  
«Кел, Жаңа жыл!» онлайн мерекелік кеш  
Тоғызқұмалақтан ашық біріншілік

**Қаңтар:**

«Қамқорлық» акциясы

**Ақпан:**

«Жасөспірім» операциясы  
Құқық білім онлайн апталығы

**Наурыз:**

8-наурыз, Ұлыстың ұлы күні мерекелері  
«Ұлы Жеңіске 77 жыл, 77 игі іс» акциясы  
«Мамандықтар әлемінде» конференциялар  
«Наурыз думан» мерекесі  
«Анаға тағзым» қайырымдылық концерті

**Сәуір:**

«Дұрыс тамақтану-денсаулық кепілі» акция  
«Зиянды заттардан аулақ бол!» акциясы  
«Денсаулық күні»  
«Ғарышкерлер күні»


**Мамыр:**

«Достық. Бірлік. Бейбітшілік» мерекесі  
Ұлы жеңіске -77 жыл  
«Жол тәртібін сақта!» апталығы

## **Оқушылардың сабақтан тыс уақытын ұйымдастыру. Мектепшілік үйірме- секциялардың жұмысы**

Мектепте 16 үйірме : « Бояулар сыры», «Бөлме өсімдіктері», «Математика және логика», «Қолөнер», «Арт дизайн», «Мәнерлеп оқу», «Вокал», «Дебат» клубы, «Сахна өнері», «Драма», «Қаһарман», «Домбыра», «Экоәлем», «Турист өлкетанушы», «Ажур», «Ұшқыр ой алаңы» үйірмелері жұмыс жасады. Қатысуға 605 оқушы жыл басында өтініш білдірді. Мектепшілік 9 спорттық секциясы «Волейбол» (Қыз балаларға)-2, «Волейбол (Ұл балаларға)-2 , «Тоғызқұмалақ (Ұл балаларға), «Тоғызқұмалақ (Қыз балаларға), «Шағын футбол», «Шаңғы спорты», «Шахмат», «Үстел теннисі», «Гір спорты» барлығы 360 оқушы қатысуға қызығушылық білдірді. Барлық үйірмелер құрылған кесте бойынша өткізілді. Спорттық секциялар сенбі күндері бекітілген уақыт бойынша жүргізілді. Оқушының бос уақытын дұрыс ұйымдастыру мақсатында қосымша үйірмелерге оқушылардың 85 пайызы қатыстырылып отыр.

Барлық бала саны – 1083  
Мектепшілік үйірме – 605 (55%)  
Мектептен тыс үйірме - 227 (21%)  
Мектепшілік секция – 360 (30%)  
Мектептен тыс секция – 108 (10%)



Мектепшілік клубтар- 6 ( «Парасат» , «Инабат», «Еріктілер» клубы, «Адал ұрпақ», «Әкелер клубы», «Аналар клубы», «Тәртіп сақшылар тобы, «Жас жол инспекторлары» )  
«Жас ұлан» ұйымы «Жас қыран» (1-11кл.)

Жас Қырандар саны-450

Жас Ұландар саны-545

988 оқушы - 91%

Клубтар - (10-11 кл.) 88 оқушы - 8%

1. «Парасат» клубы-30 оқушы
2. «Адал ұрпақ» клубы -30 оқушы
3. Еріктілер клубы -12 оқушы
4. «Инабат» клубы – 15 оқушы

### **Класс жетекшілер туралы мәліметтер**

2021-2022 оқу жылында -46 класс жетекші жұмыс жасады.

Олардың барлығы жоғары білімді.

- 17 -жоғары санатты,
- 13- I санатты,
- 7 - II санатты,
- 9 - санаты жоқ.

Класс жетекшілердің жалпы теориялық және методикалық деңгейін көтеруде, мектепшілік сынып жетекшілер бірлестігі үлкен роль атқарады. Класс жетекшілер бірлестігінің жұмысының ұйымдастырылуы:

1. Класс жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары бірлестік отырысында талқыланып ағымдағы оқу жылында орындалады.
2. Класс жетекшілер бірлестігінің жоспары мектептің оқу -тәрбие жоспарының бөлігі болып саналады.
3. Класс жетекшілер бірлестігінің отырысы айына бір рет өткізіледі.
4. Класс жетекшілер отырысы хаттамаланады. (отырыста талқыланатын мәселелер көрсетіледі, қаулы мен ұсыныстар, шығып сөйлеушілердің сөзі қосымшада беріледі)
5. Оқу жылының аяғында бірлестіктің жұмысы қорытындыланады.

Класс жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспарына сәйкес жыл басында класс жетекшілер бірлестігінің жұмыс жоспары бекітіліп, жас және жаңадан тағайындалған класс жетекшілерге арналған «Нормативтік құжаттар» тақырыбында мәліметтер беріледі. Сонымен қатар, «Қазіргі заман мектебі класс жетекшісінің қызмет ету жүйесі», «Класс сағатын өткізу әдістемесі», ЖҚТБ орталығының мамандарымен кездесу, «Класс жетекшінің ата-анамен жұмыс жасаудағы тиімділігі» класс жетекшілердің ата-аналармен жұмыс жасауының тиімді тәсілдері, «Қосымша негізгі бағдарламаларының берілуіндегі жаңа технологияларды қолдану әдістері», «Оқушылардың тәрбиелік деңгейлерін анықтау әдістемесі» «Жас сынып жетекшілерге тағайындалған тәлімгерлердің есебі», «Құқық бұзушылықтың алдын алу жұмыстары», «Ата-анамен жұмыс түрлері», «Қыз және ер бала тәрбиесі», «Жас Ұлан» ұйымының жұмысы, «Сынып жетекшілердің пән мұғалімдерімен байланысы мен сабақтастығы», «Сыныптың бос уақытын дұрыс жоспарлау теориясы мен практикасы», «Сыныптағы тәрбие жұмыстарының жаңа ізденістері», «Сынып белсенділерінің жұмыстары», «Сынып жетекші жұмысының мониторингі» және «Дін және жастар» тақырыбындағы мәселелер қаралып, талқыланып отырылды. Сонымен қатар әр жыл сайын сынып жетекшілер бірлестігінің семинар-кеңесі және «Үздік класс жетекші» байқаулары өтеді. Класс жетекшілердің қалалық байқауларға қатысып, өз шығармашылығын бөлісіп отыруы үнемі қадағаланады.

2017-2018 оқу жылы қалалық «Үздік класс жетекші- 2018» байқауы 11 «Б» класс жетекшісі Елшібекова Фарида қатысып, III орын иеленді.

2015-2016 оқу жылы қалалық «Үздік класс жетекші-2016» байқауына 8 «Б» класс жетекшісі А.Таникулова қатысып, жүлделі I орынды иеленді.

2014-2015 оқу жылы қалалық «Үздік класс жетекші-2015» байқауына 1 «В» класс жетекшісі Қартжанова Амангүл Ұзақбайқызы қатысып, жүлделі III орынға ие болды.

2013-2014 оқу жылы қалалық «Үздік класс жетекші-2014» байқауына 11 «А» класс жетекшісі- Тілешева Зүлфия Ермекбайқызы қатысып, III орынды иеленді.

2012-2013 оқу жылы «Үздік класс жетекші-2013» байқауына 10 «Ә» класс жетекшісі Алтаева Ләззат Жұмабайқызы қатысып, сертификатқа ие болды.

2020-2021 оқу жылы «Үздік класс жетекші» онлайн байқауы 2 «А» класс жетекшісі Тастаева Ақбаян Мейірімхановна – I орын, 2 «Г» класс жетекшісі Саримова Гита Жумалиевна – II орын, 4 «Б» класс жетекшісі Умирзакова гулжазира Алшынбаевна –III орын, Облыстық «Үздік класс жетекші» байқауы – алғыс хат Джугунусова Айнур Дошанқызы.

**Тәрбие жұмысын бақылау**

2021-2022 оқу жылын талдай келе, мектепшілік тәрбие жұмысын, ата-анамен жұмыс, класс жетекшілер жұмысына төмендегідей талдау жасалды:

**Үнемі бақылауда:** 1) Ата-анамен жұмыс және олардың ата-аналар жиналысына қатысымы.  
2) Оқушылардың сабаққа қатысымы және мектеп формасының сақталуы.  
3) Класс бөлмелерінің тазалығы, гүлдендірілуі.  
4) «Қиын» балалармен жұмыс.  
5) Класс жетекшілерінің іс-құжаттары (класс журналы, жеке оқушымен жұмыс, класс сағаттары, кластан тыс жұмыс)

**Қазан:** Әкімшілік бақылау, тәрбие жұмысындағы кешенді бағдарламалардың орындалуы

**Желтоқсан:** Класс құжаттарының жүргізілуі.  
(портфолио, кл.сағ.жосп., бақылау дәптерлері) I жарты жылдық бойынша

**Қаңтар:** Класс бөлмелерінің жағдайы

**Ақпан:** Әкімшілік бақылау

**Сәуір:** Тәрбие жұмысындағы кешенді бағдарламаларының орындалуы.

**Мамыр:** Класс құжаттарының жүргізілуі.  
(портфолио, кл.сағ.жосп., бақылау дәптерлері) II жарты жылдық бойынша

Әр бақылаудың анықтамалары жазылып, класс жетекшілер жиналысында талқыланып отырды.

### **Тәрбие сағаттарына қатысым**

2021-2022 оқу жылында 1-11 кластарда «Рухани жаңғыру» бағдарламасының 8 бағыты бойынша жоспарлы түрде жұмыс жүргізді.

- Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие
- Рухани – танымдық адамгершілік тәрбие
- Отбасы тәрбиесі
- Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие
- Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты
- Ұлттық тәрбие
- Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі
- Көпмәдениет және көркем-эстетикалық тәрбие

### **Баспа әрекеті**

**2021-2022 оқу жылы бойынша мектепшілік баспадан шыққан әдістемелік құралдар:**

1. *Класс жетекшілер портфолиясының жинақтау үлгісі*
2. *«Үздік класс сағаттары» (класс сағаттар жинағы)*
3. *Класс сағаттарының жоспарлары*
4. *Мақалалар берілуі*

**Сырт мекемелермен байланыс, мектептен тыс іс-шараларға қатысу**  
2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысында кластан тыс іс-шаралар өткізілді. Мектептен тыс мекемелермен тығыз байланыс орнаған.

1. ҚОС
2. ҚТШО
3. Облыстық драмтеатр

4. Өрт сөндіру бөлімі
5. Жас туристер стансасы
6. Облыстық өлкетану мұражайы
7. Турбазалар
8. Облыстық наркодиспансер
9. Ақтөбе облыстық ішкі істер департаментінің жол полиция басқармасы
10. Облыстық СПИД-ке қарсы күрес орталығы
11. «Арасан-Ақтөбе» ЖШС орталығы

**Қорытынды:** 2021-2022 оқу жылындағы тәрбие жұмысы жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылды. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы негізіндегі тәрбие тұжырымдамасына сәйкес 8 бағыт бойынша жұмыстар қамтылды.

**Кемшіліктер:** Ата-аналардың мектеппен тығыз байланыс жасауы әлі де аздық етеді.

### 2022-2023 оқу жылына

**Ұсыныс:**

1. «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін қабылдау туралы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2019 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығын және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің бұйрығы негізінде жүргізілген жұмыстарды қорытындылай отырып, мектептің тәрбие жұмысының іс-тәжірибесін жинақтау, әдістемелік құрал даярлау және баспаға ұсыну.
2. Аталған тәрбие жұмысы тақырыбы жалғастырылсын. Үздік класс жетекшілер мектепшілік марапаттауға ұсынылсын.
3. Оқушылардың өзіне деген сенімін қалыптастырып, өзара қарым-қатынаста болуға көмектесетін мектеп ұйымының жұмысы сапалы түрде жалғастырылсын.
4. Класс сағаттарындағы тәрбиелік міндеттердің жүзеге асырылуын, жоспарлаған іс-шараның сапасын, өмірмен байланыстылығын, оқушының өмірге көзқарасын қалыптастыру дәрежесінің деңгейін көтерсін.
5. Класс жетекшілер жеке баланың отбасының әлеуметтік жағдайын жан-жақты зерттеу жұмыстарын бірізді жүйеге келтіруді тұрақты түрде жалғастырсын.
6. Сырт мекемелермен тығыз байланыс жасап қана қойылмай нәтижелерге жұмыс жасалсын.

Орындаған: \_\_\_\_\_ М.Мукатова  
Дир. ТІЖ орынбасары